



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365

№ 4 (95)

Нұр-Сұлтан
2021



Редакциялық алқа:

А. Мұхамедиұлы,	өнертану докторы, профессор (алқа төрағасы)
Асанканов А.А.,	тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Қырғызстан).
Әбдуақап Қара,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Түркия).
Бороффка Н.,	археология докторы, профессор (Германия).
Бейсенов А.З.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Ибадуллаева З.Ө.,	тарих ғылымдарының кандидаты, доцент (Қазақстан).
Ибраева А.Г.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі (Қазақстан).
Касеналин А.Е.,	PhD докторы (Қазақстан).
Купаева А.Қ.,	PhD докторы (Қазақстан).
Қартаева Т.Е.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Малдыбаева Р.К.,	өнертану кандидаты (Қазақстан).
Мұқтар Ә.Қ.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Нұразхан А.Ш.,	педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚР Көркемөнер академиясының академигі (Қазақстан).
Оңғар А.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Самашев З.С.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Төлеубаев Ә.Т.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Смағұлов О.С.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы (Қазақстан).
Таймағамбетов Ж.Қ.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Үмітқалиев Ұ.Ұ.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Шамильоглу Ю.,	Висконсин университетінің профессоры (АҚШ).



МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Қазақстан Тәуелсіздігіне – 30 жыл

Ибраева Г., Хасенов С. Тәуелсіздік жолы және Ұлттық музей	4
Таймагамбетов Ж.К. Краткое содержание докладов автора на международных научных конференциях проекта ЮНЕСКО «Великие переселения народов» (2008-2019 гг).	14
Сыпатайқызы З. Тәуелсіздік жылдарындағы түркілік этномәдениеттердің жаңғыруы	28
Тоқпанов Е.А., Ботбаев А.К. Тарихи-мәдени және табиғи киелі орындардың еліміздің бірлігін сақтаудағы алатын орны	37

Мәдениеттану

Нұрдаулетова Б.И., Аймұхамбет Ж.Ә. Таңба-жазу – адамзат танымы мен тарихының құнды ақпараты	44
--	----

Этнография

С. Дж. Атдаев. Исторические данные о туркменской дыне и арбузе	56
Хасенов С.С. Қорғаныс жарағына жататын сауыт түрлеріне қатысты қалыптасқан атаулар	76
Бекзатқызы И. Ақмола облысы Бурабай ауданының топонимиясы: қалыптасуы және қазіргі жағдайы	88

Археология

Хуанган Т. Ат әбзелі: жүгеннің шығу тарихы	100
Әуезов Қ.Ж., Искаков А.Ш. Ұлытау – Жезқазған өңіріндегі Алтын Орда кезеңі ескерткіштерінің зерттелуі	107

Тарих. Тұлға. Тағылым

Асанов Қ.Д. Евней Букетовтің қаламгерлік қыры	115
--	-----

Филология

Байтанасова Қ.М. Абай өлеңдеріндегі мәтінаралық жүйе сипаты	122
Сағынадин Г.С. Фольклорлық сюжет: жанр және түркілік мотив көріністері	140

CONTENTS

Kazakhstan's independence – 30th anniversary

Ibraeva G., Khasenov S. The way of independence and the National museum	4
Taimagambetov Zh.K. Summary of the author's reports at international scientific conferences of the UNESCO Project «Great migrations of peoples» (2008-2019)	14
Sypataikyzy Z. Revival of turkic ethnoculture in the years of independence	28
Tokpanov E. A., Botbaev A. K. Role of historical, cultural and natural sacred places in preserving the unity of the peoples of our country	37

Cultural Studies

Nurdauletova B.I., Aimuhambet Zh.A. Symbol-letter – valuable information of human cognition and history	44
--	----

Ethnography

S. J. Atdaev. Historical information about turkmen melon and watermelon	56
Khasenov S.S. Formation of terms of armour types belonging to protective equipment	76
Bekzatkyzy I. Toponymy of Burabay district of Akmola region: formation and current state	88

Archaeology

Khuangan T. Horse harness: the history of the origin of the bridle	100
Auevov K.Zh., Iskakov A.Sh. RResearch of monuments of the Golden Horde period of Ulytau-Zhezkazgan region	107

History. Personality. Reading

Asanov K.D. The literary facets of Yevney Buketov	115
--	-----

Philology

Baytanasova K.M. The characteristic of the intertext system in the verses of Abay	122
Sagynadin G.S. Folklore plot: genre and turkic motifs	140

Байтанасова Қ.М.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
e-mail: beka-talgat@mail.ru

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ МӘТІНАРАЛЫҚ ЖҮЙЕ СИПАТЫ

Мәтін ұғымы барша ғылымға ортақ. Ал көркем мәтін жоғарыда аталған қасиеттерді қаламгердің ішкі сезім-күйінің көрінісі, эмоциялық қабылдау жағдайы жөніндегі сипаттар арқылы толығы түседі. Мәтіннің мәнін қарастырғанда оның ішкі мазмұны мен құрылымының басым қасиетке ие екені анық байқалады. Мәтін аясында айтылған сөздің құрылымдық және интонациялық жағынан белгілі бір тәртіппен берілуі ойдың да жүйесін көрсетеді. Мәтін – біртұтас құрылым бола отырып, құрылымдық және коммуникативтілігі жағынан көп аспектілі.

Абайдың шығармалары – ұлтқа, жалпы адамзатқа арналған Сөз. Абай поэзиясы мәтіннің сан қырлы ерекшелігін ашып береді. Ақын өлеңдері лирикалық сипатта ғана емес, терең эпикалық қасиетке ие. Абай мәтін ішінен мәтін тудырған. Міне, осы тұрғыда мақалада Абай өлеңдеріндегі мәтінаралық жүйе сипаты жан-жақты сөз болады. Ақынның түрлі тақырыптардағы өлеңдерінен молынан мысал келтіріле отырып, онда келтірілетін мәтіндердің құрылымдық бірліктеріне сипаттама жасалып, мәтіндердің көркем шығармада атқарып тұрған қызметі сараланады және берілу тәсілдері анықталады.

Түйін сөздер: Абай өлеңдері, көркем мәтін, мәтінаралық жүйе, жаратылысқа көзқарас, бейнелер жүйесі, тақырыптық мотивтер, идеялық-бейнелілік мазмұн, авторлық интенциялар.

Әдебиет – көркем шығармашылық түр. Сөз өнерінің болмысы басқа өнер түрлерімен ықпалдаса отырып, олардан ерекшеленеді. Әдебиет сөз өнері болғандықтан онда сөздің барлық қасиеті жан-жақты ашылады. Сөздің қарым-қатынас құралы болумен қатар, эстетикалық, әлеуметтік сипаты да бар. Себебі, әдебиет тұтас мәтін құрылымын орнықтырады. Француз сыншысы Жерар Женетт «Архимәтінге кіріспе» («Введение в архитекст») еңбегінде мәтіннің көнелігі туралы айтады (Женетт, 1999: 78). Архимәтін – танылған және танылмаған мәтіндердің жиынтығы. Бұл ұғымның мәні – мәтіндер арасындағы байланысты айқындау.

Архимәтін поэтиканың негізі ретінде дискурс түрлерін, айтылған тұжырымдар мен ойлардың жүйесін зерттеп, орнықтырады. Егер орыс әдебиеттанушыларының әр кезеңде айтқан пікірлерін шолып қарайтын болсақ, зерттеушілердің бәрі дерлік мәтіннің көп қырлы категория екенін айтады. Мәселен, ғалым Н. Николина: «Мәтін дербес әрекет жүйесінің ерекше ұйымдасқан түрі», – десе (Николина, 1988: 15), зерттеуші В. Бенянин: «Көркем мәтін – ақиқат дүниенің көрінісі. Мұндағы сөз мәтіннің мазмұнын ғана емес, оның ар жағындағы мағынасына да қозғау салады», – деген (Бенянин, 1981: 15). Қарап

отырсақ, мәтіннің көп қырлы функциясы әр кезеңде айқындалып, дәйектеліп отырған. Осы пікірлерді жинақтай келгенде мәтіннің басым белгілері айқындалады. Олар: мазмұндық, қарым-қатыстылық, гносеологиялық белгілер. Бұл арқылы мәтіннің кешенді қасиеті айқындалады. Мәтін ұғымы барша ғылымға ортақ. Ал, көркем мәтін жоғарыда аталған қасиеттерді қаламгердің ішкі сезім-күйінің көрінісі, эмоциялық қабылдау жағдайы жөніндегі сипаттар арқылы толығы түседі. Мәтіннің мәнін қарастырғанда оның ішкі мазмұны мен құрылымының басым қасиетке ие екені анық байқалады. Мәтін аясында айтылған сөздің құрылымдық және интонациялық жағынан белгілі бір тәртіппен берілуі ойдың да жүйесін көрсетеді. Мәтін – автор, кейіпкер, оқырман қатынасын орнықтыратын эстетикалық нысан. Зерттеуші Т. Есембеков: «Көркем әдебиеттің адамдарды, әлеуметтік топтарды, халықтарды байланыстыратын, бір-біріне жақындастыратын қасиеттері, қоғамдық әлеуеті бар екенін ешкім жоққа шығара алмас, өйткені сөз өнері – қоғамдық қарым-қатынастың өте белсенді және беделді түрі», – дейді (Есембеков, 2012: 5).

Абайдың шығармалары – ұлтқа, жалпы адамзатқа арналған Сөз.

Абай поэзиясы мәтіннің сан қырлы ерекшелігін ашып береді. Ақын өлеңдері лирикалық сипатта ғана емес, терең эпикалық қасиетке ие. Суреткердің 1882-1883 жылдар арасында жазған өлеңдерінің бірі – «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңі (58 тармақ). Абайдың бұл шығармасының айтатын ойы кең. Алдымен ақын қансонар мен аңшылық жайын тізбелейді. Алғашқы шумақтарында бес қаруын сайлап, қансонарда аң қағуға шыққан аңшыны суреттейді. Одан кейін томағасы сыпырылып, аспанға самғаған қыран құс пен алпыс айлсын жұмсап, қыраннан құтылуға қам жасаған тұлкі, құсының әрекетін бақылап тұрған аңшы, оның тұлкіні алғаннан кейінгі масаттанған қалпы суреттеледі. Өлеңде сурет, динамика мол. Жер мен көк тағысының айқасын шебер суреттей отырып, ақын өлең идеясына тікелей қатысты емес тағы бір көркем бейнелеуге барады:

*Қар – аптақ, тұлкі – қызыл, бүркіт – қара,
Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға.*

Қара шашын көтеріп екі шынтақ,

О да бүлк-бүлк етпей ме сыйпағанда
(Құнанбайұлы, 2005. Т.1: 42).

Абай мәтін ішінен мәтін тудырған. Бүркіт пен тұлкінің айқасын суреттеу арқылы оны үшінші бір бейнені суреттеумен аастастырады. Құсбегілік – адамды ақындық деңгейге жеткізетін өнер. Былай да кемел, келісті суретке одан әрі әсем бейнелеуді үстейді. Абай үшін бұл тек құс салудың қызығы емес. Бұл халқымыздың ерекше салты («жақсы ат пен тату жолдас бір ғанибет, ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға»), аңшылықтың қиын да қызықты өнерін дәріптеуі («бүркітші тау басында, қағушы ойда, томағасын тартқанда бір қырымнан, қыран құс көзі көріп самғағанда»), тұз тағыларының көз алдыңызда өтетін ерекше айқасы («қанат, құйрық суылдап, ысқырады, көктен қыран сорғалап құйылғанда. Жарқ-жұрқ етіп екеуі айқасқанда, жеке батыр шыққандай қан майданға»), аңшылықтың халқымыздың сыйлы өнері екендігі («үйірімен үш тоғыз» деп жымыңдап, жасы үлкені жаныңа байланғанда»), өнеге («көкірегі сезімді, көңілі ойлыға, бәрі де анық тұрмай ма ойланғанда»), аңшылық өнерді қадір тұтқан адам ғана тәуекел ететін ерекшелігін айқындауы («мұны оқыса, жігіттер, аңшы оқысын, біле алмассың, құс салып дәм татпаса»). Осындағысымен ақын ойы тереңдей, бедерлене түседі.

Мәтіннің басым қасиеті – оның қарым-қатынас функциясында. Осы сипат көркем мәтіннің барша болмысын ашады. Мәтін – тек қатынас жасаудың қатардағы формасы ғана емес, мұнда сөздің барлық – тура, жасырын, көркем, ишара, ауыстыру, символдау, монолог, диалог тәсілдері ашылады. Сондықтан да мәтінде сөздің тікелей мағынасы ғана емес, астарлы, белгі-сипаттары қоса айқындалады. Жалпы мәтінде ақпараттың жаңа, тарихи, көркем, бейнелі, дербес түрлері жинақталады. Бұл ретте, мәтін – мәдениетті, сөзді сақтаудың, сол арқылы белгілі бір тарихи дәуір бейнесін, әлеуметтік жағдайды, адам сезім-күйі мен психологиясын жеткізудің ерекше құралы.

Сонымен, мәтінге берілген философиялық, лингвистикалық, әдебиеттанушылық анықтамалардың барлығын жинақтағанда мынадай сипаттарды айқындайды:

1) мәтін – жазба түрдегі сөздердің жиынтығы, хабарлама;

2) мәтін – мазмұндық және құрылымдық жағынан аяқталған ұғым;

3) мәтінде автордың көзқарасы, ұстанымы беріледі. Яғни мәтіннің сипаты кең. Абайдың

мәтіндік қуаты берік өлеңдерінің бірі – «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ». Бұл өлең – сурет, бейне. Оқып отырғанда аттың кекілінен бастап, құлағы, мойны кәдімгі сурет салып отырғандай жандана бастайды. Көз алдыңызға бірте-бірте жылқының тұтас тұрқы келеді. Өлең жолдарымен қабат, ойыңызда бейне, сурет те жарысып бой көрсетеді. Ендігі бір ерекшелік – ақын жылқыны сипаттауда тек түліктің өзіне тән ерекшелігін, бейнесін емес, оны өзге, мүлде мағыналық түрде байланысы жоқ зат, бейнелермен, хайуанаттармен бірге сипаттайды. Мысалы:

*Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ.
Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды,
Ой желке, үңірейген болса сағақ* (Құнанбайұлы, 2005. Т.1: 62).

Осы шумақта құрал (*шоқпар*), шөп (*қамыс*), жануар (*қой, қоян, бөкен*) атаулары кездеседі. Одан кейінгі шумақтарда да *теке, бүркіт, тақтай, шақпақ, шідер, бота* сөздері бар. Абай өлеңінде жылқының бейнесін суреттеп, нағыз шапса жүйрік, мінсе жуас, бөкен желісті атты дәріптейді. Осындай ат міну – дала адамының арманы. М. Әуезов: «Аңшылықтың үміті, қуанышы көп. Ыстық оттай қызулы минуты көп, мағыналы өмір. Аңшылықта кісіні ақын күйіне жеткізетін сезім күйі көп. Аңшы бір минуттың ішінде қуантатын да, жүдететін де сәттерді басынан кешіреді. Соның бәрін айтып жүргендіктен аңшының тілі шешен, қиялы жүйрік. Бүркіттің ұшқанына, түлкінің құтылмақ болған айласына, құсшының ептілігіне арналған талай шешен сөздер бар. Аңшылық өмірінен ілгері-соңғыдан қалған талай қызықты, жанды, сұлу әңгімелер көп», – дейді (Әуезов, 1995: 102). Осы арқылы Абай аттың жай-жапсарын жақсы білетін, атбегілік қасиетін де аңдатады. Өлең бірыңғай портреттік суреттеуден тұрады. Шоқпардай кекілі мен қамыс құлағынан бастап бірте-бірте айқындалып келе жатқан ат кескінінің эстетикалық бояуы келісті-ақ. Әрі жылқы түлігімен қоса, өзге зат, хайуанаттарды елестете алуға мүмкіндік береді.

Көркем мәтінде оның ішкі көркемдік болмысын айқындайтын уақыт пен кеңістікке қатысты мән-мазмұн жинақталады. Мәтіннің бұл ерекшелігі мәтін мазмұны деген ұғымнан да кең жатыр. Мәтінде автордың дүниеге, жаратылысқа көзқарасы, бейнелер жүйесі,

тақырыптық мотивтер, идеялық-бейнелілік мазмұн, авторлық интенциялар (сана бағдары) және бағалаулар тұтас көрінеді. Көркем мәтінге қатысты жаңа ұғымдар мен өзге ғылымдар ықпалдастығы беки түскен сайын, мәтінді талдаудың жаңа түрлері қалыптаса бастайды. Шын мәнінде мәтін тек филологиялық аспектіде ғана емес, өзге ғылымдар тоғысында қарастырылуы шарт. Ақынның өлеңдерін де осы тұрғыдан талдағанымыз жөн. Жоғарыдағы өлеңдерден ақынның этнографиялық танымы, атбегілік сыншылдығы терең танылады. Жылқы малының ерекше бітімін, мінезі мен қасиетін тәптіштей, білгірлікпен суреттеп береді. Ақын дала салтын, төрт түлік малдың жағдайын жақсы танып-білетін кәнігілігімен ерекшеленеді. Құсбегілік өнерді терең таныған болмысы мен атбегілік сипаты қатар көрінеді. Екі өнердің қасиетін нақты пайымдап отыр. Ақын тек әдемі сурет, бейне ғана тудырып отырған жоқ, қос өнердің ерекшелігін, ұлттық болмысын кең насихаттап, өнеге де етеді. Ақынның осындай суреттеу тәсілі барлық өлеңдерінің бітіміне ортақ.

Абай ғылым мен білімге, өнер тақырыбын қозғаған өлеңдерінде тек үгіт-насихат айтпайды, тіпті ол жоққа тән. Абай бұл ұғымдардың мәнін жаңаша, тереңнен бажайлай отырып жеткізеді. Оның себебі де бар. Абайдың қай сөзі де қазақ сахарасы үшін жаңа болды. Сондықтан да ақын айтатын ойларын тереңнен, мән-жайды толық айта отырып жеткізді. Оған «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңін дәлел етуге болады. 14 тармақтан тұратын бұл өлеңде Абай үш түйінді ойды жеткізеді. Олар: *ақын өкініші* («жасымда ғылым бар деп ескермедім, пайдасын көре тұра тексермедім»); *балаларын оқуға беруі* («баламды медресеге біл деп бердім, шен алсын, шекпен кісін деп бермедім»); *өзі туралы* («өзім де басқа шауып, төске өрледім, қазақта қара сөзге дес бермедім»). Абайдың осы ойларын оның мақсатын айқындайды: ол – әрекет, іздену, үлгі болу. Ақын осы өлеңде айтқан ойларын әр кез толықтырып, әр қырынан айқындап отырады. Осы ретте ақынның «ғылым» сөзін көбірек қайталайтынын байқаймыз.

Ғылым – адамның әртүрлі бағыт-бағдаралу үшін жасайтын танымдық әрекеті. Әрі ғылым динамикалы, үнемі ізденісті, бақылауды, ой, таным саралауын қажет етіп отырады. Абай өлеңдерінің мәтіні ақпаратты мол қамтиды әрі



өлеңдерін арнаған адресаттары да кең. Кейде жекелей, кейде топтап, әлеуметтік жағынан жіктеп отырады. Абайдың өлеңдерінің бір парасы жастарға арналады. Олардың ішінен «Интернатта оқып жүр», «Ғылым таппай мақтанба» өлеңдерін атауға болады. Екі өлең арасында идеялық сабақтастық бар. Жалпы ақынның шығармаларының барлығында адамдық, әділеттік пен имандылық деген ұғымдар алға шығады. Абай жастарға білім мен ғылымның ғана пайдасын айтып отырған жоқ. Ақынның ұғымынша ілім-ғылым жастарды ең бастысы адам болуға, ізгілікті, ұнамды мінезі бар азамат болуға жетелеуі тиіс. Ендеше, білімге, оқуға ұмтылу – адам болуға ұмтылу деген сөз. Оны Абай тереңдей, жан-жақты, қоғамның әділетті-әділетсіз тұстарын айта отырып, жеткізеді. Сөйтіп, оқудың пайдасы адамға, оның ұнамды қасиеттерін жетілдіруге арналуы керек. Бұдан Абайдың «толық адам» болу тұжырымы айқындалады. Ендеше, жастар енді жетіліп келе жатқанда ортасының жағымсыз құбылыстарына бой ұрып кетпей тұрып, оқып-тоқудың пайдасын ұғынғаны жөн. Жастарға арналғаннан кейін де ақынның қайталап, ескертіп айтатын тұстары мол:

Ынсапсызға не керек,

Істің ақ пен қарасы?

Иждиһатсыз, михнатсыз,

Табылмас ғылым сарасы (Құнанбайұлы, 2005.

Т.1: 58).

Ақын жақсы мен жаманды тең ұстай отырып, тыңдаушысының көкірек көзін ашуға ұмтылады, өзінің де бұлайша сөз арнауының себебін түсіндіріп кетеді: «Айтыңызшы, болсаңыз. Здравомыслящий, ақыл айтпай ма ағасы?». Ақын көп жайттарды анық-танық ұғындыруға тырысады. Тіпті оқуға бет бұрған күннің өзінде не жақсы, не жаман екенін тәптіштей кетеді («Пайда ойлама, ар ойла. Талап қыл артық білуге. Артық ғылым кітапта»). Одан әрі оқып, білім алғаннан кейінгі кезеңді де ұқтырады: («Военный қызмет іздеме, оқалы киім киюге. Қызмет қылма оязға»). Одан кейін үшінші ой – әрі қарай не істеу керектігін ғибраттайды: «Алыс та болса іздеп тап, кореннойға кіруге», «Адал тұрып, адал жүр», «Өз бетіңмен тәуекел, занимайся прямотой», «Жеңіл көрме, бек керек». Ақынның осы ойының жалғасы «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде әрі қарай өрістейді. Енді мұнда ақын ғылым сөзінің мәнін терең ашып, нақтылайды.

Ғылым дайын нәрсені оқып-тоқу ғана емес, ғылым адамның жан-жақты кемелділігін қалыптастырады. Оның жолында жақсы мен жаманды ажырата білу керек. Ақын бұл тұста бес асыл іс пен бес дұшпанды санамалайды. Алайда, ақын ойының тереңінде жалпы ұстанымының тірегі көрінеді. Ол – *адам болу*. Ғылымға жету үшін, алдымен адамдықтың сатысына, кемеліне жету керек. Тағы да ақын адам мінезі, болмысы туралы ой өрбітеді. Көптің қамын ойлап, көпке пайдаңды тигіз, не үйренсең де тереңдеп үңіл, көкірегіңе түй, ол үшін оған кесел келтіріп, бөгет жасайтын нәрселерден аулақ бол дейді. Ақын көп ойды шыңыраудан қозғап, философиялық астарына үңіледі. Өзі танып, жөн деп тапқандарын көпке, тыңдаушысына ұсынады. Абайда «ұзақ ой» бар. 7-8 буынды өлеңді тек тез оқып шыға алмайсыз. Оның себебі Абай өлеңдерінің кең мазмұны мен ішкі сабақтас, желілес ойлардың тізбегінде.

Абай өлеңдері ойды қозғап, оның тереңіне бойлаған сайын басқа ой, түйін есіңізге түсіп отырады. Әдебиет теориясындағы реминисценция тәсілі – еске алу дегенді білдіретін адамның ес жүйесіне тән сипат. Адам әрқашан өзіне керекті дүниені еске алып, санасында жаңғыртып отырады. Абай өлеңдері нақты мәселені қозғай отырып, соның өзін әрі қарай ең қажетті, өзекті мәселелермен ұштастырады. Ғылымға талап, еңбек, терең ой ғана керек емес, сонымен бірге қанағат пен рақым да керек. Неге? Соңғы екеуі ғылымсыз да адамның керекті қасиеті емес пе? Ақын бұл жерде ғылымды тура мағынасында қолданып, тек жалаң ғылымды айтып қана қойса, ол ортасына ұғымсыз болар еді. Сондықтан ғылым меңгерген адамның шешетін мәселелермен бетпе-бет келіп, таңдауға түсіп, керексізімен күресетін кезеңі де болатындығын ескертіп отыр. Сол себептен де ғылым айналадағы жағымды-жағымсыз құбылыстардың бәріне де тиесілі.

Ғылым сөзінің негізі – адам болу. Ендеше, бойыңа жиған, терген дүниені ақылмен, ынсаппен басқара білу шарт. Білімді болу адамдық мінезді де орнықтырады. Яғни талап, еңбек, терең оймен қоса, адамға қанағат пен рақым да керек. Бұлар адам баласының мінезін түзу арнаға бұрып, айналасына мейіріммен, жауапкершілікпен, рақымшылықпен қарауға бағыттайды. Ақынның осы ойы отыз екінші қара

сөзінде жалғасатыны белгілі: «Әуелі – білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемекке керек. Оның үшін білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет білсең және әр білмегеніңді білген уақытта көңілде бір рахат хұзур хасил болады. Сол рахат білгеніңді берік ұстап, білмегеніңді тағы да сондай білсем екен деп үміттенген құмар, махаббат пайда болады. Сонда әрбір естігеніңді, көргеніңді көңілің жақсы ұғып, анық өз суретімен ішке жайғастырып аласың» (Құнанбайұлы, 2005. Т.2: 117). Бұл – ақын шығармаларының ортақ жүйесі, түйіні.

Ақынның қай тақырыптағы өлеңдерін оқып, салыстырсақ, әлеуетті ойларының тізбегі көрінеді. Абай адамның саналы тіршілігіне қажетті жайттардың бәрін көріп, ой елегіне салып, өлеңге қосқан. Суреткердің өлеңдері қазақ халқының тіршілігін, әдет-ғұрпын, мінез-қалыбын тұтас көрсетеді. Бұл тұтастық тақырып жағынан топтасқан өлеңдерінде ғана емес, бір ғана өлеңінен де көрінеді. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде осы ұғымның мәнін барынша жіктеп, қазаққа, қоғамға қатысты жайттармен сабақтастырып ашады. Ғылым меңгеру – ол адам баласының адамшылық қалпы, ұнамды мінезі, талабы мен терең ойы, қанағат пен рақымы. Осы асыл істермен бірге келген ғылым ғана адам баласының көкірегіңдегі көзді ашады. Ал, шала оқуға салғырттық, еріншектік, өсек пен өтірік араласса ол - кесел. Абай ортасын өлеңі арқылы оятты, себебі ақын өлеңі тұтас қоғамды, әлеуметтік хал-ахуалды көрсетуге арналды. Абай өлеңдері қоғамының айнасы болды.

Әдеби туынды қоғам өмірін, құбылысын көркем түрде бейнелейді. Бұл ретте, автордың субъектілі қабылдауы, ой қорытуы түрліше болады. Абай өлеңдерінің мәні терең. Ол тереңдікті мәтіннің өзімен қабат, ишара, меңзеуінен де аңғарып отырсыз. Ақын өлеңдеріндегі айтылатын ой созылық. Мәселен, «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңінің осы тармағында адамның үш түрлі көңіл-күйінен хабар беріп, айтайын деген ойының негізгі түйінін бастапқы тармақта-ақ аңғартып қояды. Адамның үш түрлі күйін, үш түрлі ахуалын көрсеткен өлең мағынасы кең жатыр. Осы кең ойды айтып алғаннан кейін әрі қарай тарата түседі:

*Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек,
Ашуың – ашыған у, ойың кермек.
Мұңдасарға кісі жоқ сөзді ұғарлық,
Кім көңілді көтеріп, болады ермек*
(Құнанбайұлы, 2005. Т.1: 46).

Абай қартайған адамның көңіл ауанын жете ашады. Бұл шақта қайғыға түскен адамның ашуы – у, ой – кермек болмасқа не шара? Мұның ар жағы – жалғыздық, оқшау күй. Сөзіңді тыңдап, түсінетін адам жоқ. Өлеңді әрі қарай оқи бастасақ, Абай тек қарттықты ғана айтпағанына көзіміз жетеді.

Келесі шумақтың бірінші тармағы тағы да тереңге тартады: «Жас қартаймақ, жоқ тумас, туған өлмек». Ақын адамның үш кезеңін бір кеңістікте (тармақта) көрсетіп тұр: адам туады, қартаяды, өледі. Ендеше, ақын тұтас өмір туралы ой қозғайды. Осы өмірге келіп, жасап, қартайған шаққа жетіп, о дүниелік болғанға шейін адам қандай өмір сүреді, неге жетіп, нені қадір тұтады, өмірінің мәні неде? Одан әрі ақын адамның болмысын жіктеп, таразылайды. Сол арқылы қоғамды танытады. Ақын мұнда да *ақыл, еңбек, надан, ермек* сөздерін ауызға алады. Ақын өзімен-өзі мұңдасып, адамзат тіршілігінің мәніне бойлайды. Айналасына сын көзімен қараған ақын не ақсақалдың, не әкенің, не білімдінің сөзін құлаққа ілмегендерге күйінеді. Ақын дақпырт үшін елді билеп, жұртты меңгермек болып жүргендерді сынайды. Сөйтіп, өзіне сөз келтіріп, қор болып қалатындарға ыза болады. Заманының көлеңкелі тұстарын шолған ақын ақсақалдық сөз айтады.

Абайдың келесі «Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман» өлеңі алдыңғы өлеңдегі ойды сабақтайды, енді ақын айналасындағы құбылыстардың сипатын ашып береді. Әркімнің жасап жатқан әрекетінің оң-терісін саралап, нақтылайды. Ендігі Абайдың сөзінде түйін, тұжырым көп. Әр сатыдағы қоғам мүшелерінің әрекетін түстеп-түгендеп, баға береді. Мысқыл мол, ащы әжуа да, ыза да бар. Сөйтіп қысқа күнде қырық құбылған заман мен адамды беттестіреді. Ақын өлеңдерінің алғашқы тармағы адамның әр түрлі күйге түскен сәтін береді. Қарттыққа аяқ басқан адам жан-жағын түгендеп, саралайтынын жеткізеді. Ақын заманының жақсы-жаманына кезекпен баға береді: *жас бала, бай, би мен болыс, жарлы, дос, үлкен-кіші, алыс-жақынның* бәрін тізбелеп, ұнамсыз жайттарды айтып, түңіледі.

Абай өлеңіндегі идеялық сабақтастық «Қалың елім, қазағым, қайран жұртымда» әрі қарай өрістейді. Ендігі Абайдың сөзі бірқалыпты мұңды күйге ауысқан. Мұнда ақыл айту, зейіні бар адамға ұнамды сипатқа, мінезге жетудің амалын тізбелеуі айқын. Абайдың қазақ қоғамын әбден танып-біліп, қайшылықты құбылыстарын жете ұғып, содан шығарған түйіні іспетті.

Ақын қоғамның келбетін дәл таныған. Бұл тек лирикалық өлең ғана емес, бұл Абайдың терең ойы, әр өлеңіндегі идеяның жинақталуы, шығарған қорытындысы. Осы өлеңді оқи отырып, өзіңіз де қоғамның бейнесін, ішкі құбылыстарын дәл танысыз. Өлең мәтінінде ақын *жақсы, жаман, сөз, көрсекызар, түзелу, бірлік, береке, пейіл, мал, күндестік, шырқының бұзылуы, көңіл, мінез, күлкі* сөздерін айтады. Бұл Абайдың басқа тақырыптағы өлеңдерінде де молынан ұшырасады. Мәселен, осы үш өлеңіндегі сөз ұғымын алсақ, «сөзді ұғарлық», «бұл сөзден ертегіні тез үйренбек», «рас сөздің кім білер қасиетін», «сөзінен сырдаң тарту», «сөз келтіру», «айтқан сөзі құрысын, шыққан үні», «ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді». Бір ғана жалқы «сөз» ұғымын Абай әртүрлі мағынада, көптік мәнде жұмсаған. Осыдан түйетініміз – ауыздан шығатын сөздің заман, қоғам, ондағы мінез-әрекетті, болмысты тұтас сипаттайтын деңгейге жетуі. Мәселен, «Рас сөздің кім білер қасиетін» тармағы *жақсы менен жаманды айырмау, ойдың кермек татуы, құр қылжаңмен күн өткізу, ақылды құлаққа ілмеу, шынға сенбей, жоққа сену, аузымен орақ ору, ағайынның жоқ нәрсеге бұртыңдауы* секілді сипаттарды айқындап тұр. Бұл әрі қарай жалпы қоғам келбетін, адам болмысын ашады.

Абай өлеңдері мәтіндік тұрғыда тұтастықты білдіреді дедік. Ақын қолданған жеке-дара тіркестердің өзінде бүтін ой жатыр. Мәселен, «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» өлеңінде ақын өзі қолданған сөздің ассоциациясын түрлендіре түседі. Мәселен, алғашқы шумақта:

*Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да,
Алдамаған кім қалды тірі жанда.*

*Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім,
Жалғыз-жарым болмаса анда-санда,*
(Құнанбайұлы, 2005. Т.1: 50) – дегенінде Абайдың өзінің көрген, көз алдынан өткерген құбылыстарынан терең ой түйін байқаймыз. Айналасындағы жағымды-жағымсыз

көріністерді ой сарабына салып отырған ақынның болмысы байқалады. Бұл жеке бір адамның көңілі қалған дұрдараз мінезі емес, қоғамға айтылған, қоғамға берілген баға. Абай бұл шумақта алдымен өлеңнің негізгі идеясын (кіріспе) аңғартып алады да, сосын барып тәптіштей тарата бастайды. Кімнен көңілі қалды, дос кім, дұшпан қайсы? Бір ерекшелігі Абай қоғамның бір ғана өзіне ұнамды жағын ғана дәріптемейді. Ақын үнемі қарама-қарсы құбылыстарды қатар алып, шендестіріп береді. Бұл Абайдың ұстаздық қалпы, қазақ даласына енгізген жаңашылдық сипаты. Не айтса да жеткізе айтып, айналасындағыларға ұғындырып отырады. Бұл сипат Абайдың «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңіне де тән. Өлеңнің мәні терең, айтар ойы қат-қабат. Мұнда заманның толық панорамасы бар. Бұл тек дидактика, ақыл айту емес. Мұнда мағынасы терең дүниелер мол.

Өлеңнің тыңдаушысы – жастар, жігіттер (бозбала). Мұнда да өзінің көптеген шығармаларында қолданатын «*арзан*», «*талаптылық*», «*өнер*», «*мінез*», «*нысық*», «*пайда*», «*еңбек*», «*бір ауыз сөз*», «*нәпсі*», «*ақыл*», «*ес*» сөздері кездеседі. Абай оқу-білімге арнаған өлеңдерінде бұлар белгілі бір контексте қолданса, аталмыш өлеңде аталған ұғымдардың мәнін кеңейте түскен. Бұл жалпы өмірдің мәні, азаматтық парыз, қоғамға пайдалы болу, отбасы құндылығы, құрбы-достармен қарым-қатынас, адамшылық, жалпы өмір туралы. Неге Абай өлеңді жігіттерге арнаған? Ақын өлеңнің соңғы шумағында «Қазақтың қайсысының бар санасы» дейді. Ақын адамның талабы мен санасы туралы баса айтып, жақсыға жас кезінен үйір болу керектігін көп айтты. Сондықтан кемді күн, қызық дәурені енді басталған жастарға ақыл айтып, ендігі заманның беталысын айқындайтын топқа сенім білдіреді. Осы бағыттағы өлеңдерінің тағы бірі – «Интернатта оқып жүр». Мұндағы Абайдың сөз арнағаны сол тұстағы білім алып жүрген жасөспірімдер. Ақынның бұларды оқшаулап алып сөз арнауындағы мақсаты айқын, ол – қолдың саласындай көк өрім жастарға түзу жол нұсқау, оң мен солын ажыратуға күш салу. Мұнда да ақын жиі қолданғаны – «*ынсапсыз*», «*ғылым*», «*ой*», «*сана*», «*ақыл*», «*пайда*», «*ар*», «*ерінбеу*», «*бос мақтанға салынбау*», «*адал жүріп, адал тұру*». Абай – тек ақын ғана емес, терең философ. Абай танымында адам тіршілігіне

қатысты мәселелер дербес ұғымдар ретінде терең ашылды. Өзінің өлеңдерінде жекелеген сөздердің философиялық, танымдық мәнін ашқан Абай қай өлеңінде қайталап қолданса да, сол контекстегі мәні түрленіп отырады. Ақынның бұл поэтикалық тәсілін А. Байтұрсыновтың сөзімен түйіндеуге болады: «Сөздің дұрыс, таза, анық, дәл айтылуының үстінде талғау сөздің көрнекі болуын да керек қылады. Адамға дерексіз заттан гөрі деректі зат түсініктірек, жансыз заттың күйінен жанды заттың күйі танысырақ. Сондықтан адам сөйлегенде сөзі толық түсінікті болу үшін дерексіз заттарды деректі затша, бернесіз заттарды бернелі затша сипаттайды, жансыз затты жанды затша ғамалдайды. Осы сияқты өң берілген сөздер көрнекті тіл делінеді» (Байтұрсынов, 2003: 23).

Жаратылыстың, табиғаттың бейнесі барша өнер түрлерінде бейнеленеді. Оның себебі, адамзаттың қоршаған ортамен, табиғатпен егіздесуінен туындап жатыр. Адамзатқа, шығармашылық иесіне ең жақыны – табиғат. Ол адам баласының екінші бір сыңары секілді. Адам тіршілігінің көп ретте табиғатқа ұқсап жатуы да осыны білдіреді. Абайдың өлеңдерінде де табиғаттың, әр маусымның, тәуліктің де өлеңге айналатыны кездеседі. Абайдың қазақ сахарасының тіршілігін жақсы біліп, әрбір маусымның мезетін тап басуы, оны адамның, әлеуметтің тіршілігімен орайластыруы өзінше бір көркем әлем. Негізі, ақынның табиғаттың, жаратылыстың құбылысына назар салуы тек табиғат жырларынан ғана байқалмайды. Абайдың кез келген өлеңінде табиғаттың бір бөлшегі суреттеліп отырады. Мұның себебі Абайдың ұлттық танымында жатыр. Қазақ халқының қабылдауы, көркемдік ойы мен елестетуі терең. Ақын өзінің дербес ойын бере отырып, ұлттың, халықтың танымын әйгілейді.

Абайдың «Жаз» өлеңінде маусымның тамылжыған, оянып, көркейген суреті жайлауға қонып жатқан ауылдың тіршілігімен табиғи орайласқан. Өлеңнің әрбір тармағында жаз суреті мен ауылдың әбігері, қозғалысы жарысып отырады. Алғашқы 15 тармағында айналадағы жаратылыстың әрекет-қозғалысы суреттеледі. Мұнда көкорай шалғын бәйшешек ұзарған, өзен күркіреп ағып жатыр, ат, айғырлар, биелер бүйірі шығып, тойынған, құлын-тай айнала шауып жүр, үйрек-қаздар жоғары-төмен ұшып жүр. Осы жаратылыстың

әрбір құбылысы маусымға сай өзінің қалыпты тіршілігіне көшкен. Бұлардың әрқайсысының дағдылы тірлігінен ақын жаратылыстың әсем суретін тапқан. Одан кейінгі тармақтар адамның, ауылдың тіршілігіне арналған. Оны тізбелей кетсек: *қыз-келіншектер бұрала басып, әзілдесіп, үй тігуде, мал ішінен келген байдың көңілі жайланған, жасы үлкендер бір бөлек кеңес құруда, қарны ашқан жас бала шешесін жағалап, ет әпер деп қыңқылдайды, кілем үстінде салтанаты жарасқан байлар бас шұлғып, әңгімеге кіріскен, малды қайыр деп дауыстаған ақсақал, қымыз ішкісі келіп жалпылдап, жарамсақтанған жалшылар, асау мініп, теңселген жылқышылар, мылтық атып, құс салудың қызығына түскен бозбалалар* – бәрі ауылдың кәдімгі көзге қанық суреті. Осылардың бәрі дамылсыз қозғалысқа түсіп, жанданған шілде айымен үндескен. Абай бұл өлеңінде табиғаттың суретінен гөрі, адамдардың сахара тіршілігін көбірек көрсеткен. Мұнда табиғат суреті емес, ауылдың жазғы тұрмыс-тіршілігі басым беріледі. Ал табиғатқа қатысты көкорай шалғын бәйшешек, күркіреп жатқан өзеннің өзі осы ауылдың тіршілігіне байланысты алынған. Яғни, Абай өлеңдерін тек табиғат лирикасы деуге келмейді. Абай табиғаттың нақты маусымдық суретіне сахараның тұрмыс-тіршілігін көрсету үшін барады. Мұны басқа да табиғат лирикасынан көруге болады.

Пейзаж – көркем бейнелеудегі ең жиі қолданатын суреттеу. Пейзаж қандай да бір кеңістіктің, көбінесе жаратылыс суретінің бейнеленуі. Лирика жанрында пейзаж экспрессивті мәнде көбірек жұмсалады. Мұнда негізінен айқындау, метафора, кейіптеу, психологиялық егіздеу тағы басқа көркемдегіш құралдар пайдаланылады. Лирикада пейзаждың берілуімен қабат, табиғат көрінісінің адамға (оқырманға) тигізетін эмоциясының да мәні ерекше. Көркем мәтінді талдаудың көптеген тәсілдері бар. Мәтінге құрылымдық талдау жасау арқылы оның біртұтастығына қол жеткізуге болады. Тіл – әдебиеттің материалы. Ол суреткердің көркемдік әрлеуінен бұрын-ақ, әлеуметтік тұрғыдан белсенді категория. Яғни, ақын айналасындағы кәдімгі көріністі, жалпақ жұрттың араласып жүрген әрекетін көркем сөзге, суреттеуге айналдырған.

Абайдың «Жазғытұры» өлеңінде табиғаттың суреті мейілінше аз. Оның орнына көктемге салымғы елдің тіршілігі, төрт түлік

малмен бірге қарбаласқан шаруаның жайы, кәрі-жастың күннің шуағын іздеп, далаға шығуы – бәрі жарасымды суреттеледі. Абайдың дала құбылысын жақсы білетіні соншалық, табиғаттың құбылыстарының бәрін адамға тән тірлікке телиді. Мәселен, *«ата-анадай елжірер күннің көзі», «гүл мен ағаш майысып қарағанда», «анамыздай жер иіп емізгенде, бейне әкеңдей үстіңе аспан төнер», «жыршы құстар әуеде өлең айтып», «күн жоқта кісімінер жұлдыз бен ай», «күн – күйеу, жер – қалыңдық», «ай, жұлдызға жылы жел хабар беріп, жан-жануар қуанар тойға еліріп»*. Бұл маусымда адам мен жаратылыстың құбылыс, әрекеті тіпті етене болып кетеді. Себебі, дала шуаққа бөленіп, жылынған сайын, шаруаның жағдайы да түзеле бермек. Яғни, ойдағы-қырдағы елдер араласып, шаруадан мойны босаған жастар да бір-бірімен қуана қауышып, мал төлдеп, диханшылар жер жыртып, егін салып, жаздың құлпырған табиғатына әдемі киінген қыз-келіншектер көрік бере түседі. Осының бәрі көңілді өсіріп, адамды жайландырады. Жер тойынып, толысып, адамның пейілі де кеңі түседі. Өлең жазғы ауыл тіршілігін молынан – барлық суретімен, қарбалас, әрекетімен толық алдыңызға жайып салады. Ақынның көңілі де өсіп, құлпырған табиғатты мейірлене жырлайды. Әрбір құбылыс, әрекеттің өз мән-маңызы бар. Бұл да елдің шаруа қамын жейтін кезі. Өлеңде даланың жазғы тірлігі ашылады. Маусымның өзіне тән бояуы, эстетикасы көрінеді. Жаз бен жазғытұрымдағы ауылдың қарбалас шаруасы да көп, әрекет, динамика да мол. Ал, «Күз» бен «Қыс» өлеңдерінде бояу, әрекет солғын тартқан. Күздің бояуы да аз, сұр, сұрғылт, дымқыл. Айналаның бәрі көңілсіз, қарбалас та азайған. Енді алдағы ауыр, қытымыр қысқа дайындық жасау қажет. Одан бұрын күздің суығы, жабырқаңқы тірлігі белең алған. Ендігі сурет: *сұр бұлт, дымқыл тұман, жапырағынан айырылған ағаш, жыртық үй, жылы жаққа бет алған қаз бен тырна, құржаң қаққан кемпір-шал, бүрсеңдеген бала, тозған күзеу, оты қайтқан жер*. Күздің табиғатымен қоса, елдің жайы, әсіресе, шаруаның жағдайы дәл суреттеледі.

Абай қазақ даласының әлеуметтік өмірін, кәсібін, тұрмыс-салтын тұтас береді. Күздің бұлыңғыр, суық, суретін адами құбылыстармен астаыру арқылы бұл өлеңде де Абайдың дағдылы көркем машығы танылады. Мәселен, «Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,

жапырағынан айырылған ағаш қурай» деп, көркі қашқан күзгі ағашты қайыршы шал-кемпірге теңейді. Осы суреттен кейін оты қайтып, тозған күзеуде отырған қарашаның халін береді. Жыртылған үйді жамаған жас әйелдер, сорпа-сүйек тимеген соң, алысқа кетіп, тышқан аулауға көшкен ит, от жағылмаған үй. Бұл күздің табиғаты ғана емес, күзгі елдің ахуалы. «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай» өлеңінде бұл көңілсіз сурет тереңдей береді. Тозған күзеуден әлі де кетпей, ерте барсам жерімді жеп қоям деп сақсынып отырған бай, күздегі жыртылған үйді жамаған әйелдер, енді үзбей жағатын отыны жоқ суық үйде бүрісіп шекпен тігіп отыр. Үйде бүрсеңдеп отырған шал-кемпір мен жас бала. Осыдан кейін өлеңнің төртінші шумағынан бастап, кәрі қойды сойып алып, маздатып от жағып жылы үйде отырған байды көрсетеді: *ол қар жауса да, тоңбайды, үйі жылы, қабаттап киіз оралған*. Осы тұста ақын жалпы суреттеуден нақтылыққа ойысады. Еріккен байдың баласын жалшының баласы жасын сорғалатып жүріп ойнатуға мәжбүр. Ол аздай байдың жылы үйіне кіре алмай, аз-маз ет тие ме деп, күн жақты ықтап отырады. Ал, бай баласын сыртқа жібермей, асыңды үйде отырып іш деп жекиді. Ақын құты қашып, кедейліктің зардабын тартып отырғандарға жаны ашып, «байда мейір, жалшыда пейіл де жоқ, аңдыстырған екеуін құдайым-ай» деп налиды. Одан соң «жас бала, кемпір-шалын тентіретпей, бір қыс сақта, тас болмай сен де о құрлы» деп тілейді. Абайдың табиғат туралы жазылған лирикасында тұтасқан эпикалық сурет мол. Қазақтың, сахараның жылдың төрт мезгіліндегі күйін тап басады. Шағын лирика емес, ұзақ эпикалық жанрдың сипаты танылып тұр. Абай өлеңдеріндегі кең сипатты көрініс табиғат лирикасында айқындала түседі.

Ғалым М. Базарбаев: «Абайдың реалистік суреттемелері ерекше, бұрынғы поэзияда тап мұндай сипатта кездесе бермейді. Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Аттың сыны», «Қыс» өлеңдері өмірдің реалдық қалпын беруге бұрын жеткен батыс және орыс әдебиеті шығармаларынан ешбір кем емес. Бұл табиғаттың, не өмір құбылысының сыртын емес сырын, бояуын емес сынын табушылық, соған үңілушілік, мұндай реализм Абай шығармаларының өзекті өзгешелігі» (Базарбаев, 2009: 78), – дейді. Ақынның «Қыс» өлеңінде тақырып, идея кеңдігі көрінеді.

Өлеңде ақын алдымен қазақ сахарасындағы дала қысының ызғарлы, ызбарлы кейпін ашады. Бұл суреттеулердің өзі өзгеше. Себебі, алдында айтқанымыздай мұнда қыс мезгілі тек табиғаттың суреті арқылы ғана берілмейді. Қыс мезеті де ақынның дүниетанымындағы ерекше көркемдік қабылдауды айқындайды. Абайдың ұлттық танымы – қыстың бейнесін кейіптендіру арқылы беруінде. Егер бұл өлең әдеттегі табиғаттың маусымдық көрінісі ғана болатын болса, оқырманның көркемдік қабылдауы тереңдей алмас еді. Ақын қысты «*ақ киімді, денелі, ақ сақалды, үсті-басы ақ қырау, түсі суық*» қартқа теңейді. Сондығымен-ақ адамның қабылдауындағы қыстың бейнесі ажарланып, жанданып шыға келеді. Лириканы емес, суреттеу, баяндау сипатындағы көркем дүниені оқығандай боласыз. Кәрі құда – қыстың салған әлегі алдымен мал баққан шаруа адамына тимей ме? Сахара тіршілігі, дала заңының қатал көрінісі, жылқыны қорыған қасқыр, аязбен, ит-құспен арпалысқан малшының әрекеті көз алдыңызда өтіп жатады. Енді ақын сол малшыларға қарата сөйлеп, малды қасқырдан қорып, сақтаңдар, қысқа, қыспен бірге келген ит-құсқа жем етпеңдер дейді. Сөйтіп, кәсіпті ерінбей меңгеруге, қайрат етіп, амал жасауға кеңес береді. Абайдың бұл ғибраты оқу, білім мен ғылым, еңбекке де қатысты айтылғаны мәлім. Яғни, ақын адам жасайтын қарекеттің бәрі *адал еңбек, қайрат пен ақыл, талап пен ой* арқылы жүзеге асатынын нақтылайды. Енді қыс мезгілінің көрінісін ақын тек табиғатты ғана емес, ауылдың, мал баққан адамдардың бейнетті, қайратты әрекетін баса көрсетеді.

Табиғаттың өзі адам болмысының екінші бір көрінісі іспетті, кейде табиғат пен адам қосамжарланып та айтылады. Ең алдымен, Абайдың табиғат лирикасы адам мен жаратылыс арасын жақындастырады. Табиғат алыстағы бейне, сурет, кескін түрінде емес, адамға, оның ортасына жақындай түседі. Ақын қалыпты қазақ сахарасының тірлігін, ондағы маусым сайын орындалып отыратын әрекеттің мән-маңызын жаратылыстың тұрақты құбылыстарының деңгейіне көтерген. Яғни, даланы мекен еткен ел әр маусымға дайындық жасап, шаруашылығын, тіршілігін реттеп отырады. Ол табиғаттың маусымдық өзгерісімен байланысты. Адам баласы осы кезде табиғаттың райына, құбылысына бағынып, қам жасайды. Сөйтіп, табиғатпен үндесіп, оның

әрбір құбылысы айқын, ұғымды бола түседі. Абай осы жаратылыстың ерекшелігін тап басады, оны өз ортасының әрекетімен қабат алады. Оқырман да ақын өлеңі арқылы кәдімгі дала тіршілігін, хал-ахуалын танып, түсіне түседі. Мәтін ұғымды болған сайын, оның көп қабаттары ашыла түспек. Ақын өлеңдері де осындай. Сіз оқыған дүниеніздің тек табиғат суреті ғана емес екенін байқайсыз. Оның ар жағындағы халықтың дәстүр-салтын, танымын танысыз. Мәселен, «Қыс» өлеңінде Абай қысты, аязды, малшы мен итті (қасқыр) алдыға шығарады. Сол арқылы *әлек салған кәрі құда, бет қарауға шыдатпаған аяз, малды күзетуге қайрат жұмсайтын малшы мен аязбен бірге бой көрсеткен ит-құс* осы өлеңдегі басты идеяны көтеріп тұр. Яғни қыстың суреті емес, осы мезеттегі ауылдың, еңбекші шаруаның мал-жаны ақынға қымбатырақ. Лирикалық толғаныстың субъектісі әрине, қандай да бір көңіл-күймен, оның динамикасымен кірігеді. Автордың ішкі ойы, жасаған түйіні де айқын: шағын өлеңнің кеңістігі үлкен қоғамдық, әлеуметтік маңызды мәселелерді біріктіріп тұр.

Лирикалық шығармада ақынның ұлттық мінезін танытатын ерекшелік бірден аңғарылады. Ол – ақын ойының ұқсас құбылыстармен егіздесе берілуі. Параллелизм ұғымы поэтика принциптері бойынша үнемі қарастырылып келді. Оның диалектикалық табиғаты туралы А.Н. Веселовский: «Мұнда адам өмірі табиғатпен теңдестірілмейді, тек ұқсас әрекеттері арқылы салыстырылады», – деген (Веселовский, 1989: 102). Параллелизм – толық емес қайталау. «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай» өлеңінде ақын бай мен кедейдің жағдайын алма-кезек көрсетеді. Мәселен:

*Жас балаға от та жоқ тұрған маздап,
Талтайып қақтана алмай, өле жаздап.
Кемпір-шалы бар болса, қандай қиын,
Бір жағынан қысқанда о да азынап*
(Құнанбайұлы, 2005. Т.1: 77).

*Қар жауса да тоңбайды бай баласы,
Үй жылы, киіз тұтқан айналасы.
Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты
Ағып жүріп ойнатар көздің жасы*
(Құнанбайұлы, 2005. Т.1: 77).

Екі шумақта екі түрлі сурет, күй бар. Егер прозалық шығарма болса бұл әлденеше бетті алатын көлемге ие болар еді. Ақын лириканың ретті шумақтары арқылы-ақ кең сурет, эпикалық толымды ойды ұсынады. Қоғамдық-

әлеуметтік жағдайдың теңсіздігі, шаруа адамының ауыр тұрмысы мен қытымыр байдың жағдайы кең ойға арқау болады. Қарама-қайшылықты, тартысты сурет, драматизм бар. «Күз», «Қыс», «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай» өлеңдеріндегі табиғат құбылыстары шектеулі баяу өтіп жатқан қозғалыс түрінде берілген. Ақын өлеңінде тағы да параллельді қолданады:

Кемпір-шал құржаң қағып, бала бүрсең,

Көңілсіз қара суық қырда жүрсең.

Кемік сүйек, сорпа-су тимеген соң,

Үйде ит жоқ, тышқан аулап, қайда көрсең
(Құнанбайұлы, 2005. Т.1: 77).

Алдыңғы екі тармақ пен 3-4 тармақ параллель алынған. Сол сияқты «Жазғытұры» өлеңінде:

Қырдағы ел ойдағы елмен араласып,

Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып.

Шаруа қуған жастардың мойны босап,

Сыбырласып, сырласып, мауқын басып
(Құнанбайұлы, 2005. Т.1: 120), – тармағы мен:

Түйе боздап, қой қоздап – қорада шу,

Көбелекпен, құспенен сай да ду-ду.

Гүл мен ағаш майысып қарағанда,

Сыбдыр қағып, бұраңдап ағады су
(Құнанбайұлы, 2005. Т.1: 120)

шумақтары егіздесіп тұр. Табиғат пен адамдар арасындағы эмоционалдық жарасымдылық (гармония) сақталған. Ел, көпшілік шатшадыман қуанышқа кенелсе, табиғат та түрленіп, қозғалысқа түскен. Осы орайда академик З. Ахметовтің: «Абайдың табиғат лирикасы үлгісіндегі өлеңдерінде ақынның ой-сезімі, жан дүниесі де терең ашылған. Ол өзінің шығармаларында жыл маусымдарын: қысты, күзді, көктем мен жазды қайталанбас, соны бояулармен бейнелеп береді. Туған ел табиғатын сипаттауда оның суреткерлік шеберлігі айқын аңғарылады. Абай пейзажды адамның тұрмыс кешетін табиғи ортасы, мекен-жайы ретінде ала отырып, әлеуметтік өмірмен, қазақ халқының көшпелі тұрмысымен тығыз байланыстыра көрсетеді», – деуін еске алайық (Ахметов, 2005: 22).

Мәтін – автор мен қабылдаушының арасын жалғастырушы ғана емес, сонымен бірге екі жақтың ой-пікірінің, сана-сезімінің тоғысатын, араласатын нысаны. Мәтіннің диалогтік қасиеті қабылдау процесіне ұласқанда, жетіле, кеңейе, дами келе көпүнділікке (полилогқа) айналады. Мәтінді ұғыну, түсіну арқылы әр кезеңнің,

мәдениеттің, этностың, жеке тұлғалардың түрлі ой-пікірі, түсінігі жарыққа шығып, мәтіннің көпмағыналылығын тудырады. Әдебиеттің ұлттық сипаты мәтін пайда болған ортаның тіліне, мәдениетіне байланысты екендігі белгілі.

Мәтін – автор үшін ой-сезімін жеткізу пішіні де, тыңдаушы үшін танымдық және тәрбиелік, эстетикалық маңызы бар нысан. Көркем мәтін – күрделі жүйе. Мәтіннің бұл күрделілігі оның жанрлық түрінен де, идеялық мазмұнынан да көрінеді. Яғни мәтіннің көркемдік жүйесі әртүрлі түсіндіріледі. Әдеби туындының тұтас әрі күрделі эстетикалық бүтіндік екендігі әр кезде айтылып келді. Мәтінді қарастырудың филологиялық бағыты оның ішкі мазмұнын, когнитивтік (танымдық қабылдау) сипатын, семантикалық (мағыналық) түрдегі ұйымдастырылу тәсілдерін кеңейтті. Осы ретте мәтіндегі дискурс, кодтық өлшемдер мәтіннің өзіне тән ерекшелігін тереңдетті.

Абайдың бірқатар өлеңдері өзінің белгілі бір өмір белестерін қорытындылауға арналып отырады. Оған «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» секілді өлеңдерімен қабат, «Сегіз аяқ» өлеңін де атауға болады. Абай айтатын ойдың салмақтылығы сонда, ол халықтың көкейіндегі ойды, халықтың танымын жеткізеді. Ақынның ойы халықтың даналығынан бастау алады. Халық не айтса да өмірден алынған, бекіген дүниелерді жеріне жеткізе айтады. Ақын қазақтың сөзін, ойын, даналығын әспеттеп, жаңа мазмұнмен, мәнмен байытып отырады. Абайдың әр сөзінде нақылдық пішін бар. Сондықтан да көкейге қонымды, жүрекке жақын. Абай сөздің қасиетін терең бағамдайды. Ақын поэзиясы ең алдымен сөздің мәнін ашып, бас-аяғы жинақы – өлең сөзді тудырудың шарттарын үнемі еске салып, эстетикалық талап қояды. «Сегіз аяқ» өлеңі – осының дәлелі. Ақын сөз басында қызыл тілге ерік беріп алады:

Алыстан сермеп,

Жүректен тербеп,

Шымырлап бойға жайылған.

Киуадан шауып,

Қисынын тауып,

Тағыны жетіп қайырған.

Толғауы тоқсан қызыл тіл,

Сөйлеймін десең өзің біл (Құнанбайұлы, 2005. Т.1: 87).

Ақын алғашқы шумақта ойдың, сөздің еркіндігін баса сипаттайды. Абайдың заманды түземек болғандағы басты қаруы – сөз. Сондықтан ақынның өлеңінде толғауы тоқсан қызыл тіл қоғамның кемшілігін айтуда, жағымсыз құбылыстарын сипаттауда мейілінше мол қолданылады. Ақын өлеңінде сөздің жұмсалыу мағынасы, экспрессивтік-эмоционалдық болмысы соншалықты түрленген. Ақын қат-қабат, қайшылықты ойларды үстемелей береді. Қызыл тілге ерік бере отырып, «Қиналма бекер, тіл мен жақ, Көңілсіз құлақ – ойға олақ», – деп тыйып та тастайды. Ақын түзу, ақыл сөзін тыңдайтын құлақтың жоқтығына ызалы. Сондықтан көп наданға қор болған сөзді айтуға қарсы. Өлең тармақтарының соңы *«айтпа сөз», «мейірленбес еш сөзге», «ойланған жан жоқ, жауып қой», «көрмесек істің бәрі бос»* деген болымсыз түрге бітіп, сөзінің бекерге кеткеніне налиды. Сөйтіп, ақын ең алдымен сөзді ұғатын адам болмағандықтан келген қоғамдағы кеселді істерді санамалайды. Сөзді ұқпай, айтқанға құлақ қоймап еді, надан, санасыз, ойсыздар көбейді. Жалған сөз, күпілдеген құр мақтан адамды теріс мінезді етті. Кәсіп етпей, орынсыз ыржаң, бос күлкімен өмір өтті. Ақын ызалы ойдың арасында көңілге қонымды ақыл, ғибратты сыналап кіргізіп отырады. Яғни, көрген кемшілікті бірден түзетуге пейілді болып, әрекетке, кәсіпке шақырады. Абайдың өлеңдегі айтатын ойлары кесек, күрделі. Мәселен:

*Орынсыз ыржаң,
Болымсыз қылжаң,
Бола ма дәулет, нәсіл бұл?
Еңбек етсең ерінбей,*

Тояды қарның тіленбей (Құнанбайұлы, 2005. Т.1: 89).

Ақын айтатын ойының себебін, салдарын, пайымын бірден беріп, тиянақтап отыр. Сондықтан өлеңді оқыған кезде әрқилы ой, қабылдау туындайды. Өлеңнің сегіз тармақты болуы да ойдың сатылы байланысын тудырған.

Абай өлеңде алдымен сөздің құдіретін көрсетіп, «сөз» ұғымын алдыңғы орынға шығарады. Тағы да ақынға тән ерекшелік көрінеді. Бұл ұғым кең мағынасында тармақтала ашылып, әр шумақ сайын жанданып, кеңейіп отырады. Сөздің қоғамның бүлініп, бөлшектеніп, адамды жікке бөліп, іріткі салып отырған сипатын да айтпай кетпейді.

Қоғамдағы өзге тартыс-талас, күреспен қатар сөз де тұр. Ол да қоғамның бүлінуіне себеп. Абай өлеңінде ащы ыза, уытты кекесін бар. Әр шумақ сайын ақын эмоциясы да айқындала түседі. Абайдың жекелей, даралай жұмсаған сөздері тұтас мазмұнды ашып тұр. Ақын «Тасыса өсек, ысқыртса кесек, құмардан әбден шыққаны. Малыңды жауға, басыңды дауға, қор қылма, қорға, татулас. Таласып босқа, жау болып досқа. Сөзуар білгіш, зақуншік көргіш, Атанбақ – мақсұт, мақтанбақ. Ұрысқансып «ой» деп, «Ұят» деп, «қой» деп, Үлкендер тыяр «тек» десіп». Міне, ақын ел арасын бұзып, жіктеуге жеткізген, бос сөз бен өсек, өтіріктің зиянын санамалайды. Кәсіп қуып, ойды, істі серік етпеген соң, адамның ермек сөзге, мағынасыз тірлікке салынатыны айқын. Осыны қоғамның әр тұсынан байқаған ақын әр кемшілікті көрген сайын нақты байлам айтып отырады: «Бір кісі мыңға, жөн кісі сұмға, әлі жетер заман жоқ. Қадірлі басым, қайратты жасым, айғаймен кетті амал жоқ. Болмасқа болып қара тер, қорлықпен өткен қу өмір» (Құнанбайұлы, 2005. Т.1: 90).

Лирика – эпика мен драмаға қарағанда ерекше жанр. Лирикада ақын оқырманымен өзінің көңіл-күйін, эмоциясын тікелей бөліседі. Сондықтан да лирика басқа жанрларға қарағанда өз оқырманынан кері жауапты: көңіл-күйді, эмоцияны ала алады. Лириканың басты қуаты – оның поэтикалық тілінде. Өлеңдегі сөз көпқырлы. Лириканың ішкі байланыстарына (ырғақтық, синтаксистік, дыбыстық, интонациялық) сәйкес өлеңдегі сөздің мағынасы анағұрлым терең, эмоционалдық қуаты да артып, оның беретін мағынасы айшықты бола түседі. Тіпті кей сөздер тұрақты, қанатты қолданыстарға айналып жатады.

Қаламгер кейде болмыстан оқшау, поэтикалық дүниеден алыстау ұғымдарды сөз өнерінің кеңістігіне әкеледі. Сонда күнделікті қарапайым, үйреншікті қабылданып жүрген дүниелер өзгеріп, әсерленіп шыға келеді. Сол арқылы ақынның шабыты, дарын қуаты, шығармашылығының басты идеясы айқындала түседі. Ақын биік болған сайын, оның шығармашылық әлемі де соғұрлым ерекше, дербес болмақ. Бұл суреткердің даралығын, поэзияның ұлылығын әйгілейді.

Прозалық шығарманы оқығанда біз негізінен мазмұнын есте сақтаймыз. Өйткені



ондағы байланыс тізбекті. Ал поэзиялық шығармада өлеңнің құрылысына мән беріледі, яғни сатылы байланыс болады. Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңінің әр шумақ-тармағында дербес ой, ақпарат бар. Өлеңдегі ақынның айтпағы, барша құбылыстарға беретін бағасы, сыны мен қорытындысы қабат жүріп отырады. Өлеңнің мәтіні тұтастықтан бөлшектенуге және керісінше бөлшектенуден тұтастыққа – талдау мен жинақтауға құрылған. Бірінен бірін туындатып отырған ақын ойының бәрі маңызды әрі шынайы. Өлеңнің соңғы тармағы – ақынның жасаған жалпы қорытындысы.

*Атадан алтау,
Анадан төртеу,
Жалғыздық көрер жерім жоқ
Ағайын бек көп,
Айтамын ептеп,
Сөзімді ұғар пенде жоқ.
Моласындай бақсының,*

Жалғыз қалдым тап шыным (Құнанбайұлы, 2005. Т.1: 87).

Ақын алдыңғы үш тармақта айналасы толық, жалғыз еместігін айтады. Одан кейінгі үш тармақта алдыңғысына қайшы ой беріледі: сол көптен сөзін ұғатын адам жоқ. Осы алты тамақтың түйіні – «моласындай бақсының, жалғыз қалдым тап шыным». Яғни ақын көптің, ағайын-туғанның арасында отырып жалғыз қалады. Ол қандай жалғыздық? Ақынның ішкі ой-сезімін, көңіліндегі көп мәселені, сұрақты көптің талқысына салатын адам таппайды. Осы ой әдепкі төрт шумақтың ырғақ, үйлесіміне таршылық етер еді. Ақын сондықтан да терең өкініш пен наладан туған ойларын беруде сегіз тармақты өлең құрылысын таңдаған.

Әдебиеттің ұзақ даму үдерісінде ойлаудың жаңа пішіні орнықты. Әдеби туынды кеңістігінде автор бейнелейтін көркемдіктің өзіндік қабылдау жүйесі болады. Ақын айтатын ойдың, көңіл-күйдің дербестігі жекелеген арнау өлеңдерде беріледі. Арнау жырлары әдетте, белгілі бір жағдаяттарға байланысты туады. Арнау жырларының түрлері көп. Сонау фольклор жанрларында да арнау жырлары жеке де, белгілі бір жанр ішінде де, мәселен, эпостық жырларда, ертегілерде берілді.

Арнау адамның белгілі бір жас кезеңінде, адам өмірден өткенде, жәрдем сұрағанда, кейде марапаттап, дәріптеу мақсатында туады. Абайдың арнау өлеңдерінің бірі – «Оспанға». Өлеңде трагизм сипаты байқалғанымен,

Абай өлеңді басқаша қалыпта тудырған. Жыр үлгісінде шұбыртпалы пішінде туған өлеңнің басталуы да бірыңғай «ж» дыбысынан (аллитерация) құрылған. Өлеңде қайғыдан гөрі мадақтау, баға беру бар. Өлеңнің пафосы жігерлі, сенімді, көңілді бекітеді. Біз өлеңнің соңғы тармағына дейін адамға құрылған мадақтау (ода) деп танимыз. Тек соңғы тармағында «Жақсы өліпсің, япырмай» дегенде ғана өлең арнаған тұлғаның о дүниелік болғанын білесіз. Абай Оспан өлімінен кейінгі ішкі терең толғанысын оның көзі тірісіндегі мінез-қасиетін жіпке тізе, салмақтай отырып баға береді. Көз алдында жүрген Оспанның тірліктегі әрекетінің бәрі енді ақын үшін бір белес болған. Ақынның өлімге қадір-қасиетін жоғалтпай аттанған адамға деген ішкі көңіл тоғаюы байқалады. Келесі «Кешегі Оспан» өлеңінде Оспанның адамдық қасиетін ашады, санамалайды. Ақын Оспанды ғана өлді деп тұрған жоқ, мұнда Оспандай ердің елдің маңдайына сыймай кеткеніне налиды. Енді көп ішіндегі ерлер азайса, алты бақан ала ауыз болу, жел сөз бен берекесіздік тағы да бой көрсетеді-ау деген қауіп бар ақын көңілінде. Сондықтан «*Жауға мылтық, досқа ынтық болып, жұрт азабын жалғыз тартқан*» ерді аңсайды.

Көтеріңкі пафостағы арнау жыры – әдебиеттануда ода деп аталады. Бұл жанрдың тарихына аз-кем көз жүгіртсек, көне Грекияда пайда болған ода XVI-XVII ғасырлардағы батысеуропа әдебиетінде (Ронсар, Руссо) жандана түскенімен, тап XVIII ғасырда орыс әдебиеті (М. Ломоносов, В. Тредиаковский) жеткен танымалдыққа көтерілген жоқ. Орыс әдебиетінде ода жанры М. Ломоносов есімімен тығыз байланысты. Ломоносов одаларының ерекшелігі – онда тақырып тұрақтылығы, жасампаз бейнелер мен көтеріңкі лексика бар. Ақын одаларының сипаты дәуір әдебиетінде үзбей жалғасып, сақталған. Ақын 1739-1764 жылдар арасында белгілі бір тарихи, ресми, маңызды оқиғаларға арналған көлемі кішігірім поэмаға жуық жиырма ода жазған.

Зерттеуші М. Әуезов Абайдың тақырыбы, жанры жағынан оқшау тұрған өлеңдеріне қатысты «Абайдың Оспанға арнаған үш өлеңі тақырыбы жағынан біртұтас көрінсе де, құрылыс-қалпы, жанрлық түрі жағынан бірдей емес. «Жайнаған туың жығылмай» деп басталатын өлең Оспан өліміне байланысты көңіл білдіру түрінде жазылса, «Кешегі Оспан»

деп басталатын екі өлеңі оны еске алып, мінездеген өлең деуге лайық. Алдыңғы өлеңнің мазмұны ойды көтеріңкі леппен бейнелеп, өрнектеп жеткізу мәнері де – бәрі де өзгеше, тосын бір тәсіл тапқандықты байқатады. Өлімге қайғыру сарыны мүлде жоқ дерліктей, бастан-аяқ мадақ өлеңі түрінде келіп, соңы «Жақсы өліпсің, япырмай», деп қайғы үстінде көңілге медеу боларлықтай көтеріңкі сарынды күшейту үшін солай еткен», – дейді (Өуезов, 1995: 162). Абайдың Оспанға арнаған зар-арнауының бір сипаты – осы мадақ жырына ауысуы. Бұл бір жағынан жақсыны дәріптеу арқылы заманына, қоғамына үлгі етуден де туындаған. Зар мен мұңнан ашу, ыза, ақыл да туады. Өлең соның бір көрінісі. Ақын өлең пішініне де тосындық берген. Барлық тармаққа тән аллитерациялық тәсілді көтеріңкі, мадақтау стилінде жұмсаған. Өлеңдегі «жайнаған ту», «жау жүрек», «жас қуат», «жалын жүрек», «жайдары жүз» – бәрі көтеріңкі эмоция тудырып тұр.

Жалпы, адамның психологиялық көңіл-күйі айналасындағы өзге құбылыстармен қатар беріліп, эмоционалдық әсерді тереңдетеді. Трагедиялық жағдай күрделі әрі тартысты болады. Ол тек сыртқы күштердің қақтығысынан ғана емес, адамның ішкі сезім-күй тартысынан – қайғы, түңілу, сағыныш, жалғыздықтан да туындайды.

Абайдың жан қуатын еселеп, көңіліне жұбаныш болғандардың бірі – Әбдірахман. Ақынның баласына арнаған бірнеше өлеңі бар. «Әбдірахман науқастанып жатқанда» өлеңінде құдайға тілек тілеп жалбарынады. Мұнда ақынның баласының дертіне медеу тілеп, қолынан келетін шараның бәрін жасайтыны, тек құдайдың дертке шипа тілеген әкелік сезімі беріледі. Бұл хат түрінде жазылған өлеңнің әр тармағында ақынның эмоциясы байқалады. Бұл тұста ақын таза субъектілік көңіл-күйін, қайғысын көрсетеді. Абайды қамалаған ауыр ойлар бірте-бірте оқшаулыққа бастайды.

Халқын оқу-білімге, еңбек пен кәсіпке бағыттау жолында Абай үлкен күрескер болып, өзінің жаңашыл ой-пікірлерімен елді ұйытуға асықты. Осы әрекет үстінде қанша қажыр-қайратын аямағанымен, елінің бейқам күйін көрген ақын елден түңіледі. Елінің күй-жайын ойлай отырып, бір сәт сыртқарланғысы келеді. Әйткенмен де ондайға бара алмасын ақын былайша білдіреді: «Қайратты күнімде қазақты қиып бөтен жаққа кетпек түгіл, өзін

жақсы көріп, үміт етіп жүріппін. Қашан әбден біліп, үмітімді үзген кезде өзге жаққа барып, жатты өз қылып, үйір боларлық қайрат, жалын сөніп те қалған екен. Сол себептен жүрген бір қуыс кеудемін. Тегінде ойлаймын: бұ да жақсы, өлер кезде «Өттеген-ай, сондай-сондай қызықтарым қалды-ау!», – деп қайғы болмай, алдыңғы тілеу болмаса, артқа алаң болмай өлуге» (Құнанбайұлы, 2005. Т.2: 98). Қалың елі, қазағының көкірек көзіне сәуле түсіруге ұмтылған Абайға да заманы ырықсыз түрде «көптің бірі» болып жүрсем дегенді айтқызды. Зерттеуші Ш. Елеуенов: «Біз осыған дейін Абайды отаршылдыққа қарсылық ойлаған күрескер ретінде зерттемедік. Абай өлеңдерінде жат елдің табанындағы халқының жадау тұрмысы («қай жерінде кедейдің тұрсын күйі»), қазақ ішінің берекесіздікке ұшырауы («болды да партия, ел іші бүлінді»), ел басқарушылардың сайқымазақ жайы, бодандық санасы («мәз болады болысың, арқаға ұлық қаққанға, шілтірейіп отырсың, шенді шекпен жапқанға») тағы басқа көзден жас ағызып, омырауыңды бояйтын жайлар аздық еткен бе!», – дейді (Елеуенов, 2008: 18).

Шындығында Абай өзі насихаттаған орыс оқуының шыққан жеріндегі отарлау мен езгіні таныған. Осы құбылыстың келешек жастың таяз санасына орныға бастаған («оқалы киім киюге, прощение жазуға») кейпіне налып, бітімі бөлек ой айтты. Бұл ой оқшау тірлікке бастады. Абай қазақтың мінезін әбден танып-білді. Сондықтан айналасында өтіп жатқан құбылыстардың ешқайсысын назардан тыс қалдырмай, үнемі жақсы-жаманын саралап отырды. Тіпті билік, байлық, өзгеден артылдым деген мақтангөйлік – қай-қайсы да ақынға қалыпты күнделікті жағдай болса да, соның өзінен ой түйді, ескерту жасап отырды («Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап, дуре етеді ішіне қулық сақтап, өзіңе сен, өзіңді алып шығар. Еңбегің мен ақылың екі жақтап»). Абай қайран елінің қамын жей отырып, ондағы жағымсыз әрекеттен бойды аулақ салуға шақырды. Одан да өзіңе, жүрегіңнің түкпіріне құлақ сал, дейді ақын.

Абайдың соңғы ақытта жазған өлеңдерінде бір оқшаулық күй байқалды. Оның басымы Әбдірахманға арнаған өлеңдерінен көрінді. «Экзистенциализм дегеніміз – гуманизм» (Жан Поль Сартр). Солай болуы да мүмкін. Жалғыз, оқшау күй кешетіндер – негізінен ойшылдар,

ақылмандар. Неге? Оқшаулық – адамға ой түсіреді, өткенге баға беріп, алдағыға көз жүгіртуге бейімдейді. Турасында Абай өлең жазып, сөз өнері соңына түскеннен бері жалғыз емес пе? Осы жалғыздық Абайға қаншама шығармашылық күш берді, ойға толы өлеңдер жазғызды, толымды қара сөздерін тудырды. Абай ойымен оқшауланғанымен, болмысы халқымен, елімен бірге еді. Сондықтан Абай сол оқшау отырғанның өзінде («Жалғыз қалдым тап шыным») жалғыз басының қамын емес, көптің жайын ойланып-толғанумен өтті. Олай болмасқа амалы да жоқ еді. Көзі ашық, көкірегі ояу жастарға көп үміт артқан Абай баласы Әбдірахман сырқаттанғанда осындай талапты жастың өмірден өткеніне («Тұла бойың ұят-ар едің, ескеріп істеп, ойлаған. Тәуекелге нар едің, талаппен терең бойлаған») налиды. Абай «талаптың мініп тұлпарын тас қияға өрлеген» Әбдірахманды жоқтайды. Өзінің жастарға, жасөспірімдерге үлгі еткен мінез қасиеттің баршасының Әбдірахманның бойынан табылғанын айтады («Ғылым оқып білгенше, тыным, тыныштық таппаған. Дүниені кезіп көргенше, рахат іздеп жатпаған»).

Ақын өзінің арман-аңсары болған көкірегі сәулелі, алысқа талпынған баласының қазасына қайғырады, өкінеді. Көрген-білгені ақсақалды қартқа тең Әбдірахманның біліміне сүйсінеді, жалған сөз бен даңқ-дақпырттан аулақ болған мінезіне тәнті болады. Абайдың көпке арнаған, насихаттаған асыл ісінің бәрі Әбдірахманда бар еді. Міне, осыны айтып күйінген ақын ендігі кезде өзінің де оқшаулыққа бет бұрғанын айтады. Абайдың мұндай кермек ойлары жұртшылыққа, қазағына, жастарға арнаған өлеңдерінің бәрінде бар. Бұл Абайдың жеке қайғысы ғана емес, талапты, алғыр жастың қазақтың маңдайына сыймай кеткеніне өкініші. Құйрықты жұлдыздай ерте ағып өткен баласының қайғысы жанға батады. Ақын осы жоқтау өлеңдерінде көптің арманын да жеткізеді. Сол замандағы қазаққа жетпей жүрген қасиеттерді тізбелейді. Әбдірахманға арналған өлеңдері ақынның жүрек түкпіріндегі жалпы қайғысын қозғайды. Ақынның көпке айтқан ақыл, насихат өлеңдеріндегі идея жалғасын тапқан. Сондықтан ақын қайғысы ел-жұртына айтқан өлеңдеріндегі ортақ ойлармен ұштасады.

Лирика – автордың ой-сезімінің, көңіл-күйінің монологі. Лирикалық шығармалар

ақынның қоршаған орта, қоғамдық шындық туралы толғаныс-сезімдерін, оны танып-бағалауын, дербес көңіл-күйін танытады. Лирикалық кейіпкер ақын болмысының бір қырын, сипатын ашады. Поэзиядағы бейнелі сөздер айнала қоршаған дүниені көркем тануға көмектеседі. Қазақ поэзиясында болмыстағы құбылыстар халқымыздың дүниетанымына жақын, әдет-ғұрпы мен философиясын, эстетикасын білдіретін ұғымдармен өрнектеледі.

Әдеби шығарманың ең басқы қабаты логикалық-мағыналық ұғыммен байланысты. Ең алдымен көркем туындымен танысқанда осы үстіңгі логикалық мағынаны ашамыз. Ал, автордың поэтикалық идеясы, ойы одан кейін тереңнен беріледі. Ендеше көркем мәтінге аналитикалық талдау қажет. Алғашқы логикалық жүйе мәтін туралы кең ұғым бере бермейді. Оның астары тереңде жатыр. Туындыны жан-жақты, ықтиятты талдағанда ғана суреткер қолданған әрбір сөз көркем шығармаға, поэтикалық мәтінге айналады. Көркем шығарманы талдау тәсіліне арнайы филологиялық оқудың екі түрін жатқызуға болады. Солардың бірі – баяу оқу.

«Баяу оқу» терминін өткен дәуірдің басында әдебиет сыншысы М. Гершензон (1869-1925) енгізген. «Баяу оқу» арқылы «сөздің ар жағынан қаламгерді көресіз», оқырман «баяу оқу арқылы дәм, түр-түс, сезімталдық пен елестетудің күрделі динамикасын» сезе алады. «Баяу оқу» қазіргі мағынасында көркем мәтінге енудің бір әдісі. Осы оқу түрі арқылы «ретрограндық» (қайтымды) оқу, яғни мәтінді бірнеше мәрте қайталап оқу жүзеге асады. Оқырман қайталап оқу арқылы қайыра ойлану, сөз мағынасына қайталап бойлау, ой елегінен өткізу мүмкіндігіне ие болады. Арнайы әдебиеттанушылық талдаудың өзі баяу оқуды айналып өтпеген. Көркем туындымен жұмыс жасау үстінде әдебиетші шығарманың кейбір бөлігін жазып алып, сюжеттік дамуды бақылап, кейбір детальдарді нақтылап отыратыны белгілі. Баяу оқу арқылы шығарманың мүлде жаңа мағынасына бойлай аласыз, кейбір ұғымдардың мәні тереңдей түседі. Сол арқылы оқырман да автордың ойына, танымына жақындай түседі. Жалпы, шығармашылық тарихта көркем туынды жазылу үстінде-ақ көпшіліктің назарына ұсынылып, пікірлес адамдардың, топтың, жұртшылықтың алдында оқылуы кездескен.

Абайдың «іші – алтын, сырты – күміс» сөзі осы баяу оқуды қажет етеді. Сөздің мәнін жете ұғынған Абай өлеңдері мәтіндік ақпараттың ар жағындағы ойдан да хабар береді. Әдеби туындының нақты идеясы, тақырыбы болатындығы туралы әдебиеттану қағидаттары ақын өлеңдері үшін өзгеше қисынға жетелейді. Ақын өлеңдері жалқыдан жалпыға, нақтылықтан күрделілікке ұласып отырады. Осы сипатты танып-таразылау үшін «баяу оқу» әдісі қажет. Мәселен: «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» ақынның сөздің өнер екендігін дәріптеген өлеңдерінің бірі. Өлең – өнердің түрі, дерексіз ұғым. Ал, ақын осы ұғымды көзбен көріп, қолға ұстауға болатын деректілікке жеткізеді.

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,

Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы

(Құнанбайұлы, 2005. Т.1: 72).

Абайдың ақындық қуатын әйгілейтін ерекшелігі – сөзді, өлеңді жырлауы. Әрі бұл ұғымды барша сипат-мағынасымен қозғап, қайталап толымды ете түседі. Ақын өлеңнің дербес қасиетін ашып, оны сөз атаулының биігіне, патшасына балайды. Өлеңді шығаратын ақын. Ендеше, Абай ақынға талап қояды: «*Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, Ол – ақынның білімсіз бейшарасы*». Өлең – тым биік, көркем дүние. «*Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын, қазақтың келістірер қай баласы*». Осы тұста өлең мәтінін әбден түсініп, түйсінген жөн. Ақын өлеңге қатысты тіке айтатын ойының желісін, арнасын бірте-бірте кеңейтеді. Сондықтан да өлеңді ойланып оқуға тура келеді. Өлең – ақынның өзі айтқанындай сөздің патшасы, оған екіншісі бірі қол жеткізе алмайды. Ақын өлеңді айта отырып, қоғамды, тыңдаушыны сол биікке жетелейді. Ақынның поэзияға қоятын эстетикалық талабы тым жоғары. Өлеңге қатысты үш бірлікті ұсынады: *өлең, ақын, тыңдаушы*. Осы үшеуі келіскенде ғана өлең биігінде қалады. Ал, ақын мен тыңдаушы дұрыс болмаса, өлең – әркімнің бір ұрынып, топта сарнайтын зарына айналмақшы. Қарап отырсақ, ақынның мәтіндегі ойы тармақталып, жіктеліп кетеді. Өлеңді айта отырып та қоғамдағы, ортасындағы билік, кәсіпсіздік, жат мінезді («Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап, мал сұрап, біреуді алдап, біреуді арбап») сынға алады. Ақын көпшілікке сөздің қасиет-қуатын

аңдатады: «*Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел*». Халқымыз сөз сүйектен өтеді деген. Ақынның да сөзін уытты, ащы айтудағы мақсаты – жұртты ояту. Ендеше, ақын өлең кеңістігін кеңейтіп тұр. Өлең – үлкен құрал. Сондықтан өлеңді түзеу арқылы, тыңдаушыны түзейді, тыңдаушы түзелсе қоғам да түзелмек. Ақын өлеңдеріндегі әрбір тармақтың өз салмағы бар. Оның бәрі жинақталып, ақынның өзге өлеңдеріндегі ойды қозғап, мәтіндердің ықпалдасуына жеткізеді.

Мәтінтануда мәдени ескерткіштердің тарихын, пайда болу уақытын, құндылығын қарастырумен қатар, сөз өнерінің эстетикалық, көркемдік-бейнелілік қырлары да терең зерттеле бастады. XX ғасырдың соңғы ширегіне қарай мәтінге қатысты талдау түрлері кешенді сипат алады. Мәтін қабылданып, талданатын құрылым болғандықтан оған белгілі бір дәуірдің, ортаның ықпалы мол болады. Мәтін – біртұтас құрылым бола отырып, құрылымдық және коммуникативтілігі жағынан көп аспектілі. Осы ретте мәтін құрылымының параметрлері туындайды. Мәселен, құрылымдық параметрі жағынан мәтін қарапайым, күрделі, ғылыми, көркем түрлерге жіктеледі. Бұл жағдайда мәтіннің жанры, ішкі сипаты ерекше рөл атқарады. Көркем мәтіннің ішкі құрылымында стильдік-тілдік ерекшеліктің де мәні үлкен. Ұзақ уақыт бойы тіл мен мәдениет дербес семиотикалық жүйе ретінде қарастырылып келді.

Тіл мен мәдениеттің семиотикалық туыстығы жалпы мәтінді толық, терең қарастыруға мүмкіндік береді. Ендеше, мәтін – семиотикалық мәдениеттің бірлігі. Бұған шығармашылық тұлғаның мәдени әлемдегі орнының ықпалы үлкен. Себебі, шығармашылық иесі – автор мәтінді жасаушы. Бұл ретте, орыс ғалымы Ю. Лотманның мына пікірі маңызды: «Біз мәдени әлемде өмір сүреміз. Онымен бірге біз мәдениеттің ішіне толыққанды ене отырып, өзіміздің интеллектілік болмысымызды сақтай аламыз. Адамның өзі мәдениеттен, әлеуметтік ортадан алшақ болмайды. Мәдениет – бұл жаңа ақпараттар кешені. Ол айналасына жаңалықты жеткізіп отырады» (Лотман, 1971: 48). Мәтінді мәдениеттің бірегей құбылысы ретінде зерттеудің мәні ерекше.

Соңғы кезде көркем мәтіннің құрылымы туралы эстетикалық түсініктер семиотика саласының ұғымдарымен толығырақ түсті.

Көркем шығарма тілін туынды, яғни негізгі емес модельдік жүйе ретінде қарастыру – эстетикалық қабылдау психологиясы үшін өнімді тәсіл. Көркем бейне – нақтылық пен жалпылықтың бірлігі. Ол сөз болып отырған құбылыстар туралы көрнекі ұғымдардың тууына әсер етеді, әдеби шығарма кейіпкерінің нақты өмірлік жағдайға тасымалдануы оқырман эмоциясын тудырады. Дегенмен, эстетикалық қабылдау үшін мәтіннің негізінде нақты бейнелердің тууы жеткіліксіз. Олар оқырман түсінігінде көркемдік – идеялық мазмұнның бір қыры ретінде қалыптасуы қажет. Оқырман үшін ең қиыны – осы. Егер шығармадағы суреттелетін болмысты қабылдау оқырманда кейіпкермен бірге ойланып – сезінуді, оның бейнесі мен өз ойының үндесуі сезімін тудырса, оқырман мұны шығарманың идеялық мазмұны ретінде қабылдайды.

Романтизм теоретигі Ф. Шлегель лирикаға қатысты мына тұжырымында: «Лирика ақынның нақты көңіл толқынысын – қуану, шаттану, қайғыру, ыза, ашу сияқты түрлі көңілін аңдатады. Мұнда сезімнің даралығы мәнді», – дейді (Шлегель, 1996: 41). Лирикалық субъект өз көңіл-күйін ішкі монолог арқылы, өз-өзімен ой бөлісу арқылы жеткізеді. Әрбір лирикалық шығарма – өз алдына қайталанбас дербес дүние. Әрине, лирикадағы әсердің кәдімгі өмірдегі эмоциядан айырмашылығы бар. Лирикалық эмоция – бұл ақынның сезім-күйінің квинтэссенциясы (мәйегі). Сондықтан да лирикадағы идея мен эмоцияның диапазоны айтарлықтай кең. Лирика уақыт-кеңістік қатынасын мейілінше кең қамтып, өткенмен, болашақпен, ғарыштық қашықтықпен, жаратылыс құбылыстарымен сабақтаса алады. Бұл сипат – шығармашылық тұлғаның даралығы.

Тұлға – өзіне тән болмысы айқын, өмірлік бағдары орныққан, саналы әрекет иесі. Ол өзін-өзі басқарып, қоршаған ортасын, ондағы әлеуметтік-мәдени құбылысты толық меңгере алады. Тұлға – шығармашылық иесі ретінде авторлық ұстаным, авторлық бағалау, авторлық идеалға қол жеткізеді. Соның ішінде автор идеалы ұғымы мәтіннің кеңістігінен әрі өтіп, авторлық әлем көрінісі ұғымына жақындайды. «Лирика аса көркем, асқақ, мәнді ұғымдар туралы сөз. Ол белгілі бір ретте ақынның

тамаша идеалдары мен өмірлік құндылықтары туралы айтары» (Гинзбург, 1979: 46).

Абай өлеңді, поэзияны идеал тұтты. Ақын бар болмысымен өлең сөздің қуатын дәйектеді, қоғамының қандай түйткілін өлең арқылы жеткізе алды. Тіпті әдепкі өмір құбылысын, өлеңнен «алыс тұратын» құбылыстардың өзін өлеңге кіріктірді. Осы тұрғыда ақын өлеңдерінің қуаты күшті, мағынасы берік, көркемдігі терең болды.

Көркем мәтінді оқып, қабылдау түрліше болады. Ол оқырманның деңгейіне байланысты. Көркем шығарманың ерекшелігі ол аяқталған, белгілі бір шешімі бар құрылым болуы тиіс. Алайда, мұның шарттылығы да болатын сияқты. Себебі, көркем шығарма мәтінін оқып, аяқтағаннан кейін де ол туралы ойлау, қабылдау, бағалау жалғаса береді. Тіпті оқырман көркем туынды арқылы авторға жақындап, онымен шығармашылық үндестікте болады. Кейде автормен бірге кейде одан өзгеше де ой толғанысқа түседі. Автордың идеясын өзінше, өз танымында жалғастырып әкетеді. Әдеби туындыда әрбір сөз, сөз тіркесі, үзінді, тармақ, кідірістің рөлі айырықша. Ондағы айтылған сөз де, айтылмай меңзелген, ишараланған сөз-бейне де мәнді. Абай өлеңдерінде бұл элементтердің мағынасы тереңдеді. Ақынның мағыналы сөздерінің астарына үңілген сайын оның жаңа қабаттарының түзілісіне, түсінген сайын өрістей беретін ойлардың (мағынаның) тізбегіне кездесесіз. Ол әрі қарай жалғаса береді де, ақынның көркем әлеміне әкеледі.

Ақынның дүниетанымы, ойы, білімі, интеллектілік әлеуеті – баршасы поэзиясында көрініс тапқан. Ақын өлеңдері – Абайдың ғұмынамасы. Абай өлеңдері бірден күрделі көркемдік ойға жетелейді. Абай – ойы, поэзиясы көп салалы, мол арналы дүние. Абайдың өлеңдері бүгінгі жаңа ғасыр көгінде де биіктеп отыр. Себебі, Абай поэзиясы – ұзаққа созылатын, үнемі түрленіп, барша қырымен қайталай жаңарып отыратын мәңгілік құндылық. Көркем шығармашылықтағы бірегей туындылар – Адамзатпен бірге жасайды. Абай поэзиясы – бүгінгі гуманизм мұраттары дағдарысқа түсіп, жаһандық өзгерістер басымдық алған заманда бізге жол нұсқайтын рухани бағдар.

Әдебиеттер

1. Жерар Женетт. Работы по поэтике. Т.2. – М.: изд. им. Сабашниковых, 1998. – 994 с.
2. Николина Г. К проблеме единства выражения и убеждения// Язык. Литература. Поэтика. Сборник. – М.: Наука, 1988. – 137 с.
3. Беньянин В. Проблема читателя в творчестве Гоголя. – Воронеж: ВГУ, 1981. – 145 с.
4. Есембеков Т. Көркем мәтін поэтикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 226 б.
5. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.1. Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2005. – 296 б.
6. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеу. – Алматы: Санат, 1995. – 320 б.
7. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.2. Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2005. – 336 б.
8. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
9. Базарбаев М. Таңдамалы шығармалар. 1 том. Әдебиет және дәуір. – Астана: Нұра-Астана, 2009. – 392 б.
10. Веселовский А. Историческая поэтика. – М.: Высшая школа, 1989. – 406 с.
11. Ахметов З. Кемел ақын, кемеңгер ойшыл // Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.1. – Алматы: Жазушы, 2005. – 296 б.
12. Елеуменов Ш. Мағжан. Өмірі мен шығармалары. Оқу құралы. – Астана: Астана-полиграфия, 2008. – 392 б.
13. Лотман Ю. Структура художественного текста. – М.: Искусство, 1971. – 383 с.
14. Шлегель Ф. Философия искусства. СПб., 1996. – 481 с.
15. Гинзбург Л. О литературном герое. – Л.: Советский писатель, 1979. – 220 с.

References

1. Ahmetov Z. Kemel aqyn, kemeңger oishyl // Qunanbauly A. Shyғarmalarynyń eki tomdyq tolyq jınaғы. Т.1. – Almaty: Jazyshy, 2005. – 296 b.
2. Bazarbaev M. Tańdamaly shyғarmalar. 1 tom. Ádebiet jáne dáýir. – Astana: Nura-Astana, 2009. – 392 b.
3. Baitursynov A. Ádebiet tanytqysh. Zertteý men óleńder. – Almaty: Atamura, 2003. – 208 b.
4. Benánin V. Problema chitatelá v tvorchestve Gogolá. – Voronej: VGÝ, 1981. – 145 s.
5. Veselovski A. Istoricheskaja poetika. – M.: Vysshaia shkola, 1989. – 406 s.
6. Ginzbyrg L. O literatýrnom geroe. – L.: Sovetski pisatel, 1979. – 220 s.
7. Eleýkenov Sh. Maғjan. Ómiri men shyғarmagerligi. Oqý quraly. – Astana: Astana-poligrafia, 2008. – 392 b.
8. Esembekov T. Kórkem mátin poetikasy. – Almaty: Qazaq ýniversiteti, 2012. – 226 b.
9. Áýezov M. Abai Qunanbaev. Monografialyq zertteý. – Almaty: Sanat, 1995. – 320 b.
10. Jerar Jenett. Raboty po poetike. Т.2. – M.: izd. im. Sabashnikovyh, 1998. – 994 s.
11. Qunanbauly A. Shyғarmalarynyń eki tomdyq tolyq jınaғы. Т.1. Óleńder men aýdarmalar. – Almaty: Jazyshy, 2005. – 296 b.
12. Qunanbauly A. Shyғarmalarynyń eki tomdyq tolyq jınaғы. Т.2. Óleńder men aýdarmalar. – Almaty: Jazyshy, 2005. – 336 b.
13. Lotman Iý. Strýktýra hýdojestvennogo teksta. – M.: Iskýsstvo, 1971. – 383 s.
14. Nikolna G. K probleme edinstva vyrajenia i ýbejdenia// Iazyk. Literatýra. Poetika. Sbornik. – M.: Naýka, 1988. – 137 s.
15. Shlegel F. Filosofia iskýsstva. SPb., 1996. – 481 s.



Байтанасова К. М.

Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева
г. Нур-Султан, Казахстан
e-mail: beka-talgat@mail.ru

ХАРАКТЕР МЕЖТЕКСТОВОЙ СИСТЕМЫ В СТИХАХ АБАЯ

Понятие текста общее для всей науки. А художественный текст наполняется описаниями вышеописанных качеств, отражением внутренних чувств писателя, состоянием эмоционального восприятия. При рассмотрении сущности текста становится ясно, что его внутреннее содержание и структура обладают доминирующим свойством. Структурно и интонационно произнесенное в рамках текста слово передается в определенном порядке. Текст по структурности и коммуникативности является многоаспектным.

Произведения Абая-это слова, посвященные нации, человечеству в целом. Поэзия Абая раскрывает многогранность текста.

Стихи поэта обладают не только лирическим характером, но и глубоким эпическим свойством. Абай создал текст из текста. В этом контексте в статье подробно рассказывается о характере межтекстовой системы в стихах Абая. На примере стихотворений поэта на различные темы составляется характеристика структурных единиц приводимых в них текстов, дифференцируется деятельность и определяются способы передачи текстов в художественном произведении.

Ключевые слова: стихи Абая, художественный текст, межтекстовая система, взгляд на творение, система образов, тематические мотивы, идейно-образное содержание, авторские интенции.

Baytanasova K.M.

L.N. Gumilyov Eurasian National University
Nur-Sultan, Kazakhstan
e-mail: beka-talgat@mail.ru

THE CHARACTERISTIC OF THE INTERTEXT SYSTEM IN THE VERSES OF ABAY

The concept of a text is common to all science. And the literary text is filled with descriptions of the above-described qualities, a reflection of the writer's inner feelings, a state of emotional perception. When considering the essence of the text, it becomes clear that its internal content and structure have a dominant property. Structurally and intonationally, a word pronounced within the text is transmitted in a certain order. The text is multidimensional in terms of structure and communication, being a single structure.

Abai's works are words dedicated to the nation, humanity as a whole. Abai's poetry reveals the versatility of the text. The poet's

poems have not only a lyrical character, but also a deep epic quality. Abai created a text from a text. In this context, the article describes in detail the nature of the intertext system in Abai's poems. On the example of the poet's poems on various topics, a characteristic of the structural units of the texts cited in them is compiled, activities are differentiated and the methods of transferring texts in a work of fiction are determined.

Key words: Abai's poems, literary text, intertextual system, view of creation, system of images, thematic motives, ideological and figurative content, author's intentions.